

# БАҒЫТ, БАҒДАР АИҚЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына тарихи жолдауын Шет ауданының тұрғындары ыстық ықыласпен тыңдап, қазақ халқының басына түскен қиын-қыстау кезеңінде көтерілген тың мәселелерді зор ризашылығымен қарсы алды.

Жолдауда Мемлекет басшысы Қасиретті қаңтар оқиғасының шығу себептерін зерттеп, зерделеп, жазықсыздан қара жамылған отбасыларына көңіл айтып, бүлікші содырлардың түпкі мақсаттарына мән беріп, дер кезінде қолданған шаралардың арқасында еліміздің егемендігі мен мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалдық деді.

Болған сын-қатерлерден сабақ алып, еліміз Жаңа Қазақстанды құруға бет бұрдық дей келе, алда тұрған атқарылар іс-шараларға, оның ішінде Республикадан бастап жергілікті жерге дейін бұрын-соңды болмаған дамудың саяси жүйесінің кешенді бағдарламасын

жариялады. Осы игілікті реформалардың баршасы қазақстандықтардың өркениетті елде өмір сүріп, олардың конституциялық құқықтарын сақтауға, уайымсыз табысты еңбек етуге негіз болып табылатынын қадап айтты.

Ел ішінде, халық арасында қордаланған, кезінде кеткен кемшіліктерді айта келе, өңірлердің қуатты дамуына да басымдық беріп, республикада жаңадан Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарын құрудың қажет екенін білдіріп, бұл ұсынысты халықтың қолдайтынына сенім білдірді.

Менің өмірімнің 65 жылдайы еңбекпен өтіп келеді. Осыған орай қазіргі еңбек атқарып жүрген азаматтарға айтарым, «Жаңа Қазақстан» өзінен өзі құрыла алмайды. Оны тіктеуге, дамыған өркениетті елге айналдыру үшін баршамыз бір кісідей атсалысайық. Әсіресе, жастар қауымы, елдің болашағы, халқымыздың бірлігі сендердің қолдарында. Кешегі қаңтар қақтығы-

сына қатысқандардың көпшілігі өзіміздің балаларымыз бен немерелеріміз. Бұндай бүліктен аулақ болайық. Әлеуметтік желідегі қаңқу сөздер мен болжамдарға сенбеңдер. Мемлекет басшысының ұсынған бағыты мен бағдарына тірек болайық. Жаңа Қазақстан құруға бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла еңбек етейік, ағайын!

**Боранбай ЖҰМКИН,  
Шет ауданының құрметті  
азаматы.**

**Шет шұғыласы.-2022.-17 наурыз (№11).-5 6**